

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық
орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің ішкі актілеріне сыбайлас
жемқорлыққа қарсы жүргізілген сараптама нәтижелері бойынша
талдамалық анықтама**

Алматы қаласы

2021 жылғы «17» наурыз

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 8-бабының 5-тармағына және АИБД ҰҒПО РММ директорының 2021 жылғы «16» ақпандағы №22-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – АИБД ҰҒПО РММ) ішкі актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу жөніндегі ережеге (бұдан әрі - Ереже) сәйкес ағымдағы жылғы «16» ақпаннан бастап «12» наурызға дейін АИБД ҰҒПО қызметінің ішкі актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сараптама жүргізу мақсатында АИБД ҰҒПО РММ директорының 2021 жылғы «16» ақпандағы №23-НҚ бұйрығымен төмендегідей құрамда жұмыс тобы құрылды:

С.Т.Байкабилов – директордың әкімшілік-шаруашылық қызмет жөніндегі орныбасарының м.а. – жұмыс тобының басшысы;

Ж.С. Башимова – бас бухгалтер – жұмыс тобы басшысының орынбасары;

М.К. Мукажанов – ұйымдастыру жұмысы және мемлекеттік сатып алулар бөлімінің меңгерушісі, жұмыс тобының мүшесі;

Ж.К. Куттыбаева – ақпараттық-талдамалық бөлімнің меңгерушісі - жұмыс тобының мүшесі;

С.У. Мырзараимова – кадрлар жөніндегі инспектор – хатшы.

2020 жылғы 5 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезең үшін АИБД ҰҒПО РММ ішкі актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама төмендегі бағыттар бойынша жүргізілді:

- РЖАО ҰҒПО РММ қызметіне қатысты ішкі актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- РЖАО ҰҒПО РММ ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жұмыс тобы өз қызметінде АИБД ҰҒПО РММ басшылыққа алатын ішкі актілерді және нормативтік-құқықтық актілерді зерттеді, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 23.06.2020 ж. № 384 бұйрығымен бекітілген «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысын зерттеу барысында (өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ескере отырып) АИБД ҰҒПО РММ қызметіне қатысты функциялар және олармен байланысты нормативтік-құқықтық актілер талданды. Заңды тұлға қайта тіркеуден өткеннен кейін қызметтің негізгі бағыттарына жүргізілген талдау мен түзетуден кейін, сондай-ақ қызметтік қажеттілікке байланысты қазіргі уақытта уәкілетті органға Жарғының жаңа редакциясын қарауға және бекітуге жіберілді.

Сонымен қатар, АИБД ҰҒПО РММ келесі ішкі құжаттары талданды:

- Ұжымдық шарт;
- Ішкі еңбек тәртібінің ережелері;
- Әкімшілік-шаруашылық қызмет туралы ереже;
- Ақпараттық-талдау бөлімінің ережесі;
- Оңалту және жаңа технологияларды енгізу бөлімінің ережесі;

- Біліктілікті арттыру бөлімінің ережесі;
- Диагностикалық-кеңес беру бөлімінің ережесі;
- Ұйымдастыру жұмысы және мемлекеттік сатып алу бөлімінің ережесі;
- Қаржы-экономикалық бөлімінің ережесі;
- Сыйақы беру және материалдық көмек көрсету туралы ереже;
- Иссапарлар туралы ереже;
- Қашықтан жұмыс істеу туралы ереже.

Барлық ішкі құжаттар Қазақстан Республикасының Конституциясына, ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңына, ҚР 2002 жылғы 11 шілдедегі «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңына, ҚР 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» заңына, ҚР 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңына, ҚР 2008 жылғы 29 желтоқсандағы «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заңына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» және 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 «Арнайы білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрықтарына, Жарғы нормаларына, ҚР Еңбек кодексіне және ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес әзірленді.

АИБД ҰҒПО РММ қызметіне әсер ететін ішкі актілер мен нормативтік-құқықтық актілерді талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару қызметкерлерінің өз қалаулары бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, қызметті жүзеге асыруда кедергілер жасауға және заңды мүдделерді сақтауға ықпал ететін ережелер, ішкі актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік туғызатын құқықтық олқылықтар белгіленбеген. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалардың болуы анықталған жоқ.

Есепті кезең ішінде АИБД ҰҒПО-да бұйрықтар шығарылды:

- Негізгі қызмет бойынша 86 бұйрық - барлық бұйрықтарға негіздемелер мен қызметтік жазбалар тігілді, Жарғылық қызметке сәйкес келеді;

- Иссапарлар бойынша 18 бұйрық – барлық бұйрықтарға иссапарлар негіздемелері тігілді;

- Жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстары бойынша 68 бұйрық – барлық демалыстар бекітілген демалыс кестесіне сәйкес берілді, қызметкерлердің жеке істеріне тігілген қызметкерлердің барлық өтініштері қоса беріледі, Оңалту орталығының қызметкерлерін қоспағанда, COVID-19 бойынша ҚР аумағындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты, күнді болатын тәжірибелік топтар жабылды және барлық қызметкерлер 2020 жылғы маусым айында еңбек демалыстарына жіберілді;

- Жеке құрам бойынша 171 бұйрық - қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан босату Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің қолданыстағы нормаларына сәйкес жүргізілді.

Барлық бұйрықтар фирмалық бланктерде басылып шығарылған, есепке алу және нөмірлеу дұрыс жүргізіледі, бүлінген бланкілер директордың ӘШҚ жөніндегі орынбасарының м.а. ауыстыруға рұқсат беру туралы бұрыштамасымен жеке папкада сақталады.

АИБД ҰҒПО ұйымдастыру-басқару қызметінде 2020 жылдың 12 айы үшін ішкі талдаудан келесі бағыттар өткізілді:

1. Қызметкерлерді басқару, оның ішінде кадрларды басқару

АИБД ҰҒПО РММ штаттық саны 165 бірлік, оның ішінде АҚС (біліктілікті көтеру курстары) шарты бойынша екі қызметкер. Көрсетілген кезеңде 21 қызметкер жұмыстан босатылды:

- ҚР ЕК 30-б. 1-т. 2) тармағының 4-бөлігі негізінде зейнеткер жасындағы 8 адам (Баратова Г.З., Пожарникова Н.В., Сакалова Г.В., Есимбекова Г.У., Баймуратова А.Т., Янбулатова Н.М., Кондралеев Б.Ш., Мурзатлеуова Г.Т.). Көрсетілген қызметкерлермен

жоғары кәсіби және біліктілік деңгейлерінің биіктігіне байланысты олардың жұмысқа қабілетін ескере отырып, 2021 жылға еңбек шарты жасалды;

- әкімшілік-шаруашылық қызметтің қызметкерлері 7 адам (бағбан – гардеробшы: Идирисбекова И.С., Бағлан М., Ахметжанов Ш.Т., Кушеев С.Б., ағаш шебері: Маметов Р.Ю., жүргізуші – Кabanбаев Е.Б., тазалаушы – Калиева М.К.)

- әкімшілік-басқарушылық қызметкерлері 2 адам (тапсырмалардың орындалуын бақылау жөніндегі инспектор – Мырзараимова А.А., экономист – Абдыкалова З.М.)

- оңалту орталығының қызметкерлері 4 адам (тәрбиешінің көмекшісі Таңжарықова А.Д., Курыкбаева А.М., педагог-психолог – Сатекова Ж.А., тәрбиеші – Следзинская С.К.)

2020 жылы РЖАО ҰҒПО-ға 26 қызметкер жұмысқа қабылданды.

Ағымдағы жылғы 12 наурыздағы жағдай бойынша АИБД ҰҒПО РММ-де 8 бос орын бар:

- бағбан;
- гардеробшы;
- көркемдеу редакторы;
- баспасөз хатшысы;
- веб-бағдарламашы;
- басшының көмекшісі;
- тәжірибеші-педагог;
- техникалық редактор.

Кадрлық жұмыста сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау бойынша мүдделер қақтығысы, қызметкерлердің басшымен үлестес болуы фактілері анықталған жоқ. Ұжым тұрақты жұмыс істейді. Қызметкерлердің ауысуы жалақының төмен деңгейіне байланысты қызметкерлерде байқалады. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерін білдіретін қандай да бір шектеулер мен тыйымдар анықталған жоқ. Педагог кадрларды жыл сайын аттестаттау 2020 жылы өткізілді.

Басқа мемлекеттік органдарда тағылымдама өткізілген жоқ.

2020 жылдың өткен кезеңінде теріс себептермен жұмыстан шығару фактілері анықталған жоқ, жұмыстан шығару қызметкерлердің өз қалауы бойынша жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.

2. Мүдделер қақтығысын реттеу

Талдау барысында мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

АИБД ҰҒПО РММ мамандарының қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Талдау кезеңінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмады.

Жұмыс тобы жүргізген ішкі талдау барысында АИБД ҰҒПО РММ ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Барлық қызметкерлер Әдеп ережелерімен және АИБД ҰҒПО РММ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен қол қойып танысты.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету және АИБД ҰҒПО РММ қызметі

АИБД ҰҒПО РММ қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және түзету-педагогикалық қолдау жүйесін құру және жетілдіру үшін ғылыми, нормативтік және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізу болып табылады. Жұмыс бағыты келесі 4 бюджеттік бағдарламадан қаржыландырылады:

019 бағдарлама: Балаларды сауықтыру, оңалту және демалысын ұйымдастыру.

217 бағдарлама: Ғылымды дамыту.

099 бағдарлама: Сапалы мектеп біліміне қолжетімділікті қамтамасыз ету.

222 бағдарлама: Мемлекеттік орта білім беру ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау.

2020 жылғы АИБД ҰҒПО РММ қызметінің нәтижелері:

3.1. Психикалық даму бұзылымдарын анықтау, оқыту мен тәрбиелеудің барабар жағдайларын анықтау, дамудың медициналық, білім беру және әлеуметтік қызметтерін алуға құқықтарды белгілеу және ерекше білім беру қажеттігі (ЕБК) бар балаларды есепке алу мақсатында 920 психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру жүргізілді (ЕҚТА).

3.2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарына консультациялық көмек көрсетілді - 1371.

3.3. Оңалту орталығы жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар 451 бала кешенді оңалтудан өтті.

3.4. ҚР бойынша ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (ПМПК) жиынтық статистикалық есептілігі жасалды. 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың саны 161826 адамды құрады.

3.5. Көру қабілетінің бұзылымы бар балаларға арналған оқулықтарды, зияттық бұзылымы бар балаларға арналған оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) әзірлеуді (бейімдеуді) үйлестіру жүзеге асырылды. 2020 жылы зияттық бұзылымы бар білім алушыларға арналған 26 ОӘК (4,9,7,8 сыныптар), нашар көретін білім алушылар үшін ірілендірілген қаріппен 21 оқулық (6,4 сыныптар) әзірленді.

3.6. Жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейінің ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларына арналған 61 Үлгілік оқу бағдарламалары әзірленді.

3.7. Аутизмді бар балаларға арналған арнайы даму бағдарламасы әзірленіп, бекітілді.

3.8. Ерте жастағы балаларға көмек көрсету бойынша республикалық семинар өткізілді.

3.9. Қоғамдық ұйымдар өкілдерінің қатысуымен білім беру ұйымдарында ымдау тілін қолдану бойынша дөңгелек үстел (республикалық) өткізілді.

3.10. 7 әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

3.11. ОО логопедтері 3 жұмыс дәптерін жасады.

3.12. Ымдау тілінің бейнесөздігі әзірленіп, сынақтан өткізуге дайындалды.

3.13. 2 мониторинг жүргізілді (арнайы білім беру ұйымдарын арнайы жабдықпен жарақтандыруға мониторинг, Қазақстандағы ППТК қызметіне мониторинг).

3.14. Төмендегідей талдамалық анықтамалар дайындалды:

- ҚР-дағы арнайы білім беру ұйымдарын арнайы жабдықпен жарақтау туралы мониторинг нәтижелері бойынша талдамалық анықтама;

- «Қазақстандағы психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің қызметіне мониторинг жүргізу» талдамалық анықтамасы;

- «ҚР арнайы мектептері жағдайында зияттық бұзылымдары бар жасөспірімдерді кәсіби-еңбекке дайындауды ахуалдық талдау» талдамалық анықтамасы;

- «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының мониторингі» талдамалық анықтамасы (2020 жылғы желтоқсанға сәйкес жағдай бойынша).

3.15. Біліктілікті арттырудың 12 курсы өткізілді (Операциялық жоспарға сәйкес).

Осылайша 2020 жылы «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ-де ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-өндірістік жұмыс қатаң түрде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен Операциялық жоспарға сәйкес жүзеге асырылды.

Мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

АИБД ҰҒПО РММ-де көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпарат АИБД ҰҒПО РММ-нің ресми сайтында <https://special-edu.kz/>. орналастырылған.

АИБД ҰҒПО РММ-нің ішкі актілеріне енгізілетін өзгерістерге қарай сайттардағы осы бөлім жаңартылады.

АИБД ҰҒПО РММ-де рұқсат беру функциялары **жоқ**.

АИБД ҰҒПО РММ-де бақылау-қадағалау функциялары **жоқ**.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мәнінен туындайтын өзге де мәселелер:

4. Бухгалтерия

Есеп беру кезеңінде АИБД ҰҒПО РММ бухгалтерлік қызметі бухгалтерлік құжаттамаға ішкі түгендеу және талдау жүргізді, бұл ретте заңсыз іс-әрекеттерге қатысты ешқандай құқық бұзушылықтар анықталған жоқ. Бастапқы құжаттар қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жасалды, төлемдер мен бюджет қаражатын аудару мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп ережелері мен нұсқаулықтарына сәйкес жүргізілді. Жалақыны есептеу, сыйлықақы беру, өтемақы төлемдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1193 қаулысына, мемлекеттік мекемелерге сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету ережелеріне сәйкес жүргізілді.

Талдау жүргізу кезінде АИБД ҰҒПО РММ-де ақша, негізгі құралдар мен тауар-материалдық құндылықтардың қозғалысында айырмашылықтарға байқалмады.

5. Мемлекеттік сатып алулар:

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалатын тәртіппен және нысанда нақтыланады және бекітіледі, өзгерістер есепті кезең ішінде енгізіледі.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілермен шарттар уақытында жасалады. Мемлекеттік сатып алудың бекітілген жылдық жоспарында көзделмеген тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жол берілмейді.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, өткізілетін мемлекеттік сатып алуға ықтимал өнім берушілердің жақын туыстарының, жұбайларының немесе жекжаттарының қатысу фактілері анықталған жоқ.

Есепті кезеңде мемлекеттік сатып алу туралы 166 шарт жасалды. Оның ішінде: 59-ы баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен, 73-і тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен, 34-і өткізілмеген сатып алу қорытындылары бойынша жасалды. 2020 жылы АИБД ҰҒПО РММ жеке қаржыландыру жоспары бойынша, 099 «Сапалы орта білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша, 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша, көзі көрмейтін білім алушылар үшін (4,9 сыныптар) оқулықтардың макетін әзірлеу (бейімдеу), байқаудан өткізу және басып шығару бойынша жұмыстардың ашық конкурсы тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізуге 101260000,00 (жүз бір миллион екі жүз алпыс мың) теңге 00 тиын бөлінді. 27.03.2020 ж. № 4011688-КПКО1, 22.05.2020 ж. № 4173151-КПКО1, 29.06.2020 ж. № 4461474-КПКО1 және 18.08.2020 ж. № 4662728-ОК1 қорытындылар туралы хаттамаларға сәйкес конкурс конкурсқа бір ықтимал өнім берушінің қатысуына байланысты өткізілмеді деп танылды.

Тікелей шарт жасасу арқылы өткізілген сатып алулардың ішінде АИБД ҰҒПО РММ үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтер ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 39-бабы 3-тармағы 42-тармақшасы негізінде сатып алынды. Тікелей шарт жасасу арқылы сатып алуды жүргізу кезінде өнім берушіні таңдау негіздемесі ықтимал өнім берушілердің бағалық ұсыныстары (ең төмен бағаны ұсынған өнім беруші айқындалады) және мемлекеттік сатып алу порталында орналастырылатын бағалар модулі болып табылады. Тауарлар «О – Маркет» модулі арқылы қарастырылған рәсімдерді ескере отырып сатып алынды.

Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына өзгерістер мен толықтырулар ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 5-бабы 4-тармағының негізінде АИБД ҰҒПО РММ директорының бұйрығына сәйкес айына бір рет жүргізілді.

Осылайша есептік кезеңде жалпы сомасы 220262200,00 теңгеге 166 шарт жасалды және орындалды.

Мемлекеттік сатып алу құжаттамасында ішінара талдаумен заңнаманы бұзушылықтар анықталған жоқ.

6. Тәртіптік жазалар:

2020 жылдың есептік кезеңінде бірінші басшыны қоспағанда, АИБД ҰҒПО РММ-нің қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылған жоқ.

2020 жылғы 03 наурыздағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама бойынша Алматы қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің № 1 сәйкестік аудиті бөлімінің 05.07.2014 ж. № 235 – V ҚРЗ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 207-бабының 13-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ҚР БҒМ «ТП ҰҒПО» ММ директоры Г. А. Абаеваға айыппұл салынды. Қазақстан Республикасының 04.12.2015 ж. «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының 5-бабының 6-т. сәйкес бекітілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік сатып алудың алдын ала жылдық жоспарын мемлекеттік сатып алу веб-порталында уақтылы орналастырылмағаны анықталды. Әкімшілік құқық бұзушылық фактісі мойындалғаннан кейін жеті тәулік ішінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу шеңберінде санкцияда көрсетілген айыппұл сомасының 50% мөлшерінде, яғни 19883,00 теңге айыппұл төленді.

7. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заңына және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 147 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес 2020 жылдың 12 айында АИБД ҰҒПО РММ-не ресми және жасырын өтініштер түскен жоқ.

Алайда 29.12.2020 жылы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы А.Ж. Шпекбаевтың атына «AINAR» аутизмі, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды және жетім балаларды қолдау жөніндегі қоғамдық қорынан АИБД ҰҒПО РММ-де мемлекеттік сатып алу саласында бұзушылықтарға жол берілетіндігі, атап айтқанда, «САТР» ЖШС ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы нормаларының талаптарын сақтамай, бір көзден алу тәсілімен шарт жібереді деген шағыммен өтініш жіберілді. Аталған шағым Алматы қаласы бойынша Ішкі аудит департаментіне қарастыру үшін жолданды. Барлық сұратылған құжаттарды ұсынғаннан кейін Алматы қаласы бойынша Ішкі аудит департаменті мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтарды анықтаған жоқ.

АИБД ҰҒПО РММ-нің қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау тұрғысынан бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдарға мониторинг жүргізілді. Зерттеу кезеңінде теріс материалдар анықталған жоқ.

Сондай-ақ әлеуметтік желілерде және басқа да интернет-ресурстарда қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілері анықталған жоқ.

Есептік кезеңде ресми сайтқа <https://special-edu.kz> / азаматтардан орыс тілінде 44 сұрақ, мемлекеттік тілде 10 сұрақ түсті. Барлық сұрақтарға толық берілді. «Instagram» және «Facebook» әлеуметтік желілерінде АИБД ҰҒПО РММ беттерінде АИБД ҰҒПО РММ қызметі туралы 137 пост жарияланды.

8. Тексерулер:

АИБД ҰҒПО РММ қатысты тексерулер:

Өткен кезеңде АИБД ҰҒПО РММ-де 24.02.2020 жылғы № 61-Э тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті Алматы қаласының Төтенше жағдайлар департаменті Алмалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» РММ өрт қауіпсіздігі мәніне тексеру жүргізді. Тексеру жүргізу барысында 11.03.2020 жылғы № 61-Э болмашы бұзушылықтарды жою туралы нұсқама берілді. Анықталған бұзушылықтар тексеруші органның нұсқамасында көрсетілген мерзімде толық түзетілді. Қазақстан Республикасындағы COVID-19 пандемиясының эпидемиологиялық жағдайына байланысты № 138-Э тексеру нәтижелері туралы акт 01.06.2020 жылы берілді, онда өрт қауіпсіздігі бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

5. Сот актілері (саны, қандай мәселелер бойынша):

2020 жылдың өткен кезеңінде АИБД ҰҒПО РММ сот органдарына талап арыздар берген жоқ. Алайда, № 7527-19-00-2/2340 іс бойынша (техникалық ерекшелікке сәйкес келмейтін 10 компьютерді жеткізу) Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты "SMART Tehnology" ЖК қатысты, Р.А. Сабуров арқылы, оны мемлекеттік сатып алудың адал қатысушысы емес деп тану және одан АИБД ҰҒПО РММ пайдасына 1973888,00 теңге мөлшеріндегі соманы және 63007,00 теңге мөлшерінде мемлекеттік бажды төлеу арқылы 126329,00 теңге мөлшеріндегі өсімпұлды өндіріп алу туралы шешім шығарды. Жауапкерден Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына бірінші сатыдағы сот шешімінің күшін жою туралы апелляциялық шағым түсті. Алматы қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасының 03.02.2020 жылғы шешімімен бірінші инстанцияның жоғарыда көрсетілген шешімі өзгеріссіз қалдырылды, ол 2020 жылғы 10 наурызда заңды күшіне енді. АИБД ҰҒПО РММ пайдасына «SMART Tehnology» ЖК-дан берешек сомасын өндіріп алу туралы атқару парағы Қарағанды облысының жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының жеке сот орындаушысында болады, сот шешімін орындау сатысында тұр.

Қорытынды:

АИБД ҰҒПО РММ ішкі актілеріне (бұйрықтар, ережелер, нұсқаулықтар және т.б.) өзгерістер немесе толықтырулар енгізуді талап ететін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қайшылықтар жоқ.

Қабылданып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жақсарту жөніндегі ұсыныстар:

- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында жұмыс тобына Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі ережелерін сақтай отырып, АИБД ҰҒПО қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмысты жалғастыру;
- Еңбек ұжымында адал еңбек ғұрпын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
- Сыбайлас жемқорлыққа «мейлінше» төзбеушілікті қалыптастыру тақырыбында семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізуді жүйелеу;
- Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелерін АИБД ҰҒПО интернет-сайтына орналастыру қажет.

**Жұмыс тобының төрағасы,
директордың ӘШҚ жөніндегі
орынбасарының м.а.**

С.Т. Байкабилов

Жұмыс тобының мүшелері:

Бас бухгалтер

Ж.С. Башимова

ҰЖЖМСБ меңгерушісі

М.К. Мукажанов

АТБ меңгерушісі

Ж.К. Куттыбаева

Хатшы

С.У. Мырзараимова